**Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және ( немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 91 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 12 сәуірде № 7564 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 24 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2017 № 24 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту тұрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және ( немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы Г. Марченко

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының

2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 91 қаулысымен
бекітілген

# Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидалары

Осы Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу тәртібін айқындайды.

## 1. Жалпы ережелер

1. Банктер және (немесе) банк холдингтері Заңның 8-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда еншілес ұйымдар құрады немесе заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына немесе акцияларына қатысу үлесін иеленеді.

2. Уәкілетті орган:

1) Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің және ( немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе иеленуіне;

2) Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруына немесе иеленуіне;

3) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктің және ( немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталында қомақты қатысуына берілген және қайтарып алынған рұқсаттардың тізбесін қалыптастырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Уәкілетті орган өтініш берілгеннен кейін үш айдың ішінде банктің және ( немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе иемденуіне, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат береді немесе рұқсат беруден бас тартады.

4. Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беруден бас тартылған жағдайда уәкілетті орган бас тарту негіздері туралы өтініш берушіге жазбаша хабарлайды.

5. Банктің және (немесе) банк холдингінің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды қоспағанда, еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, сондай-ақ ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беруден бас тартуға негіздер Заңның 11-1-бабының 6-тармағында көзделген.

6. Банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды құруға немесе иемденуге рұқсат беруге бас тарту үшін негіздер Заңның 11-2-бабының 6-тармағында көзделген.

7. Уәкілетті орган банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе иемденуіне, банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды құруына немесе иемденуіне, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына берілген рұқсатты Заңның 11-1-бабының 13-тармағында көзделген негіздер бойынша кері қайтарып алады.

## 2. Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына немесе иемденуіне, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне рұқсат беру тәртібі

8. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды қоспағанда, еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін банк және ( немесе) банк холдингі уәкілетті органға Заңның 11-1-бабының 4-тармағында

көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ құрамына банк және (немесе) банк холдингі кіретін банк конгломератының банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымдарының болуын болжау нәтижесіндегі пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ уәкілетті орган құрылатын немесе иеленетін еншілес ұйымды ескере отырып белгілеген банктер сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің есебін қоса бере отырып, Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының резиденті емес - банк холдингтері өтінішті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Банктің және (немесе) банк холдингінің Қазақстан Республикасының резиденттері – банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, жинақтаушы зейнетақы қоры – еншілес ұйымын құруына немесе иемденуіне рұқсат алу үшін өтініш берген жағдайда Заңның 11-1-бабы 4-тармағының 1), 3), 4), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттар берілмейді.

10. Егер құрылатын не иемденетін еншілес ұйым банк, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, жинақтаушы зейнетақы қоры болып табылса, онда Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша еншілес ұйымды құруға не иемденуге өтінішпен қатар қаржы ұйымының (банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, қаржы ұйымының (банк холдингінің немесе сақтандыру холдингінің) ірі қатысушысы мәртебесін алуға өтініш беріледі.

11. Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге рұқсат алу үшін банк уәкілетті органға Заңның 11-2-бабының 5-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымның болуын болжау нәтижесіндегі пруденциялық нормативтердің, оның ішінде шоғырландырылған негіздегіні, және уәкілетті орган құрылатын немесе иеленетін бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иеленетін еншілес ұйымды ескере отырып белгілеген банктер сақтауға міндетті басқа да нормалар мен лимиттердің есебін қоса бере отырып, Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысанда өтініш береді.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Еншілес ұйымының басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын үміткерлер) туралы ақпарат Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысанда ұсынылады.

## 3. Банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру тәртібі

13. Банк және (немесе) банк холдингі ұйымдардың капиталында қомақты қатысуға рұқсат алу үшін уәкілетті органға Заңның 11-1-бабы 4-тармағының 2), 3 ), 5), 6), 7), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Талап етілетін құжаттар қоса беріле отырып, өтініш қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Банк және (немесе) банк холдингі Қазақстан Республикасының резиденті – банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының капиталына қомақты қатысуға рұқсат алу үшін өтініш берген жағдайда Заңның 11-1-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттар уәкілетті органға берілмейді.

15. Ұйымның басшы қызметкерлері (басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын үміткерлер) туралы ақпарат Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысанда ұсынылады.

## 4. Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына, иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатты кері қайтарып алу тәртібі

16. Уәкілетті орган банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйымды құруына, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына берілген рұқсатты Заңның 11-1-бабының 13-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша кері қайтарады.

17. Еншілес ұйымды құруға, иеленуге, ұйымдардың капиталында қомақты қатысуға рұқсат қайтарып алынған жағдайда, банк және (немесе) банк холдингі Заңның 11-1-бабының 13-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады

және растайтын құжаттарды қоса бер отырып, өздеріне тиесілі акцияларды ( жарғылық капиталға қатысу үлесін) иеліктен шығару күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлама ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 24.12.2014 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 1-қосымша

Нысан

## Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруына және иемденуіне берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттардың тізбесі

| № | Банктің немесе банк холдингінің атауы | Еншілес ұйымның атауы | Еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуі туралы деректер | Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйым құруына және иемденуіне берілген рұқсаттың күні және нөмірі | Банктің немесе банк холдингінің еншілес ұйым құруына немесе иемденуіне берілген рұқсатты кері қайтарып алу күні мен нөмірі | Еншілес ұйымқызметінің түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты

қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

## Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілесұйымды банктің құруына және иемденуіне берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттардың тізбесі

| № | Банктің атауы | Еншілес ұйымның атауы | Еншілес ұйымның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтуі туралы деректер | Банктің еншілес ұйым құруына және иемденуіне берілген рұқсаттың күні және нөмірі | Банктің еншілес ұйым құруына немесе иемденуіне берілген рұқсатты кері қайтарып алу күні мен нөмірі | Еншілес ұйымқызметінің түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 3-қосымша

Нысан

## Банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына берілген және кері қайтарып алынған рұқсаттардың тізбесі

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| № | Банктің немесе банк холдингінің атауы | Банк немесе банк холдингі қомақты қатысатын ұйымның атауы | Банк немесе банк холдингі қомақты қатысатын ұйымның заңды тұлға ретіндемемлекет-тік тіркеуден өтуі туралы деректер | Ұйымның капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсаттың күні және нөмірі | Ұйымдар-дың капиталы-на қомақты қатысуға берілген рұқсатты қайтарып алу күні және нөмірі | Банк немесе банк холдингі қомақты қатысатынұйым қызметінің түрі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 4-қосымша

Нысан
___ жылғы "___"_______
№ _____

**Банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, оның ішінде бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне рұқсат алуға**
**ӨТІНІШ**

____________________________________________________________________
___
(өтініш берушінің атауы)
банктің уәкілетті органының _________________________________________
(өткізілген орны)
_____ жылғы "____" ______________ № ____ шешіміне сәйкес

____________________________________________________________

______________________________________________________________

___

(құрылатын (иелікке алынатын) еншілес ұйымның атауы, орналасқан жері)

құруына немесе иемденуіне рұқсат беруді сұрайды.

Банк өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дұрыс болуына, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратып алынған қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың тізбесін атауымен, әрқайсысы бойынша дана және бет санын көрсету керек)

Басқарма Төрағасы

______________________________ ________________

(қолы)

Директорлар кеңесінің

Төрағасы ________________

(қолы)

Мөр.

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 5-қосымша

Нысан

## Еншілес ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

________________________________________________________ .

2. Азаматтығы

________________________________________________________ .

3. Жеке басын растайтын құжаттың деректері

___________________________________________________________ .

4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

___________________________________________________________ .

5. Заңды мекенжайы, тұрғылықты жері, жұмыс орнының (орындарының) мекенжайы, байланыс телефоны

___________________________________________________________ .

6. Білімі (біліктілігін арттыру курстарын қоса):

| Түскен күні – аяқтаған күні | Оқу орнының атауы | Мамандығы |
|---|---|---|
| | | |

7. Еңбек қызметі туралы қысқаша резюмесі:

| Еңбек ету кезеңі | Жұмыс орны | Лауазымы |
|---|---|---|
| | | |

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы туралы мәліметтер:

| Күні | Соттың атауы | Соттың тұрған жері | Жаза түрі | Қазақстан Республи<br>касы<br>Қылмыс<br>тық Кодексінің бабы | Соттың шешім қабылдаған күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

9. Банк қызметімен байланысты құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтер:

| Күні | Әкімшілік жауапкер-шілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган | Әкімшілік жауапкер-шілікке тарту туралы шешім қабылдаған органның тұрған жері | Әкімшілік жазаның түрі | Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бабы | Шешім қабыл-данған күн |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Осы өтініштегі ақпаратты тексергендігімді және оның дұрыс әрі толық екенін растаймын.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)____________________________

(баспа әріптермен)

Күні ____________________________

Қолы _________________________ .

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 6-қосымша

Нысан

_______ жылғы "_____"_______

№______

**Банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуына рұқсат алуға**
**ӨТІНІШ**

__________________________________________________________________ (өтініш берушінің атауы)

_____ жылғы "____" ________________ № ____ уәкілетті органның шешіміне сәйкес _______________________________________________

(өткізу орны)

құруына немесе иемденуге рұқсат беруіңізді сұрайды.

_____________________________________________________________________

_________________________________________________________________________

___ (құрылатын (иеленетін) еншілес ұйымның атауы, орналасқан орны)

Банк өтінішке қоса берілген құжаттар мен ақпараттың дұрыс болуына, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұрау салынып алынған қосымша ақпарат пен құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуіне толығымен жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілген құжаттардың атауымен тізбесін, әрқайсысы бойынша дана және парақ санын көрсету керек)

Басқарманың Төрағасы

_________________________ ________________

(қолы)

Директорлар кеңесінің
Төрағасы _______________
(қолы)
Мөр.

Банкке және (немесе) банк холдингіне еншілес ұйым құруға немесе иемденуге, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымды банктің құруына немесе иемденуіне, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсат беру, сондай-ақ банктің және (немесе) банк холдингінің еншілес ұйым құруға, иемденуге, банктің және (немесе) банк холдингінің ұйымдардың капиталына қомақты қатысуына рұқсатын кері қайтарып алу қағидаларына 7-қосымша

Нысан

## Банктің және (немесе) банк холдингінің қомақты қатысуы бар ұйымның басшы қызметкерлері (немесе басшы қызметкерлер лауазымдарына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылатын кандидаттар) туралы ақпарат

1. Тегі, аты, әкесінің аты ____________________________________________
_____________________

2. Азаматтығы _____________________________________________
3. Жеке басын растайтын құжаттың деректері ________________
4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары) ___________________
_____________________________________________

5. Заңды мекенжайы, тұрғылықты жері, жұмыс орнының (орындарының) мекенжайы, байланыс телефоны ________________________________________
________________________

6. Білімі (біліктілігін арттыру курстарын қоса):

| Түскен күні – аяқтаған күні | Оқу орнының атауы | Мамандығы |
|---|---|---|
| | | |

7. Еңбек қызметі туралы қысқаша резюмесі:

| Еңбек ету кезеңі | Жұмыс орны | Лауазымы |
|---|---|---|
| | | |

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы туралы мәліметтер:

| Күні | Соттың атауы | Соттың тұрған жері | Жаза түрі | Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің бабы | Соттың шешім қабылдаған күні |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

9. Банк қызметімен байланысты құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтер:

| Күні | Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған орган | Әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдаған органның тұрған жері | Әкімшілік жазаның түрі | Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бабы | Шешім қабылданған күн |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Осы өтiнiштегi ақпаратты тексергендiгiмдi және оның дұрыс әрi толық екенiн растаймын.

Тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса)____________________________

(баспа әрiптермен)

Күнi ____________________________

Қолы __________________________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 91 қаулысына қосымша

## Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкке еншілес ұйым құруға немесе ие болуға рұқсат беру, сондай-ақ ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру, банктің еншілес ұйымды құруға немесе иеленуге, сондай-ақ банктің ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алу ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік

құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4079 тіркелген ).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық кесімдерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 30 наурыздағы № 76 қаулысына қосымшаның Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінде құжаттарды ұсыну мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық кесімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тізбесінің 7-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4670 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 5 қаулысының 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5141 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкке еншілес ұйым құруға немесе ие болуға рұқсат беру, сондай-ақ ұйымдардың жарғылық капиталына қомақты қатысуға рұқсат беру ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 4 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы " 2008 жылғы 28 карашадағы № 206 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5477 тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК